

Баянауыл аудандық мәслихатының 2015 жылғы 07 қыркүйектегі "Баянауыл аудандық мәслихатының Регламенті туралы" № 291/48 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Баянауыл аудандық мәслихатының 2018 жылғы 23 ақпандағы № 150/24 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 3 наурызда № 5884 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Баянауыл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Баянауыл аудандық мәслихатының 2015 жылғы 07 қыркүйектегі (V сайланған XLVIII кезектен тыс сессиясы) "Баянауыл аудандық мәслихатының Регламенті туралы" № 291/48 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 22 қыркүйегінде № 4719 болып тіркелген, 2015 жылғы 05 қазанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2015 жылы 9 қазанда және 21 қазанда "Баянтау" аудандық газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Баянауыл аудандық мәслихатының әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері, жоспар мен бюджет және әлеуметтік саясат жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы,
аудандық мәслихатының хатшысы*

Т. Қасен